

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКХМАТ ГОРОДА АКТОБЕ
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 жылғы « 05 » 11 № 1490 « 05 » 11 2019 год

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 02.04.2018 № 123) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелерінің сұраныстары негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамы қосымшаларға сәйкес бекітілсін;
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары Ж.Шалабаеваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы білім
бөлімінің басшысы:

С.Сүлейменов

Қамқоршылық кеңестің құрамы:

1. Джамангарина Гулнур Саматовна -қамқоршылық кеңес төрайымы, ата-ана;
2. Кенжеғалиева Күлэнда - қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана;
3. Оразымбетов Уалихан Абсаматович - қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана;
4. Ершеге Манас Игнатұлы - қамқоршылық кеңес мүшесі, Ақтөбе қалалық маслихат аппаратының басшысы;
- 5.Исламғалиева Майра -қамқоршылық кеңес мүшесі, мектеп ардагері;
- 6.Тоқсанбаева Айнагүл Самигуллаевна - қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана;
7. Мешелов Канат Ұзақбаевич - қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана;
8. Тулеуова Динара Куанышбаевна -қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана;
- 9.Қанатова Гүлшат Мағауиевна - қамқоршылық кеңестің мүшесі, ата-ана.

Бекітемін:



№15 ОМ директоры: Байниязова Н.Ж.

**№15 орта мектеп бойынша
Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1.	Қамқоршылық кеңесінің I отырысы: -Қамқоршылық кеңестің нормативтік-құқықтық құжаттарымен танысу. -Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021 жылға міндеттерін бекіту. -Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын, бекіту.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңесінің отырысы
2	Құқықбұзушылыққа бейім, есепте тұрған оқушылардың қосымша білім берумен қамтылуын бақылау. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектеп ата-аналарымен құқықбұзушылық тақырыбында әңгімелесу.	Ақпан	Мониторинг жүргізу, дөңгелек үстел өткізу.
3	Қамқоршылық кеңесінің II отырысы: Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу»	Наурыз	Хаттама
4	«Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру жолдары» дөңгелек үстел.	Сәуір	I тоқсан қорытындысы бойынша дөңгелек үстел

	ұйымдастырылуы.		мониторинг
6	Қамқоршылық кеңесінің ІІІ отырысы: Тақырыбы: «Бала денсаулығы мен өмірі - ата-аналардың жауапкершілігі».	Маусым	Хаттама
7	Балалардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы.	Мамыр-тамыз	Мониторинг жүргізу.
8	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау.	Шілде-қыркүйек	Анықтама
9	Қамқоршылық кеңестің ІV отырысы -2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру -мектептің жекелеген санаттағы оқушылар тізімін бекіту -мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылуы	Қыркүйек	Хаттама
10	«Бала тәрбиесінде ата-ананың ролі» дөңгелек үстел.	Қараша	Дөңгелек үстел
11	Қамқоршылық кеңесінің V отырысы: Тақырыбы: «Қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарған жұмыстар бойынша есебі»	Желтоқсан	Хаттама

№15 орта мектебі

Қорғаншылық кеңес отырысының №I хаттамасы

Ақтөбе қаласы

6.01.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1.Қамқоршылық кеңестің нормативтік-құқықтық құжаттарымен танысу.

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.

2.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021 жылға міндеттерін бекіту.

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.

3. Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын, бекіту.

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Карагулова сөз бастады. Қамқоршылық кеңестің нормативтік-құқықтық құжаттарымен таныстырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021 жылға жоспарланған жұмыстары тиістілігі бойынша міндеттеліп бекітілді. Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын, бекіту.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021 жылға жоспарланған жұмыстары тиістілігі бойынша уақытылы атқарылсын.

Кеңес төрайымы:

Джамангарина Г

Хатшы:

Қанатова Г.

№15 орта мектебі

Қорғаншылық кеңес отырысының №II хаттамасы

Ақтөбе қаласы

15.03.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

- 1.Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу. Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.
- 2.Мектепті гүлдендіруге ат салысу. Хабарламашы: Қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Г
- 3.Екі айлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру туралы. Хабарламашы: С.Карагулова;

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Карагулова сөз бастады.

«Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі -балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектебімізде жоспарға сай жұмыстар атқарылып келеді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Мектепте наркологиялық бекеттер жұмыс істейді. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде бірнеше спорттық үйірмелер жұмыс жасап, оған оқушылардың 36 пайызы тартылып отыр.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына аландамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Осыған байланысты бүгін мен Сіздер үшін **ҚР Баланың құқықтары туралы заңына** тоқталып өтсем деймін.»

деп ата-аналарға аталған заңға, оның тарауларына тоқталып, түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, ата-аналардың баланы күтіп-баптаудағы жауапкершілігі мен міндеттеріне де жеке тоқталып кетті.

«Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізуде жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру ол сіздермен біздің бірлесе отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағанда ғана жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азайып балаларымыз құқылы, дербес ортада өмір сүреді» деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.: Қазақстан Республикасының «Әділет органдары туралы» Заңның 23-б.1т.3-т. басшылыққа ала отырып, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылдың 18.02 №763 қаулысына сәйкес «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№15 орта мектебі» құрылтай құжаттарына толықтырулар енгізілді. Мектепке алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар: барлық атыс қаруы, газды қару, пневматикалық тапанша, ойыншық тапанша, электрошокты құрылғылар, қадалғыш, кескіш қарулармен өткір заттар, балта, тоқитын инелер, біз, жинамалы, бүктемелі, пластмас пышақтарды қолдануға тыйым салынғандығын ескерту мақсатында мектептің барлық ата-аналарына таныстырылып қолхатқа қол қойдырамыз.

Қазіргі таңда «смартфон» ұялы телефондары білім беру процестеріне кері әсерін тигізіп, оқушылар интернет желілерге бақылаусыз қол жеткізіп, оқушылардың білім алуына кедергі келтіруде, сонымен қатар осы ұялы телефондардың ұрлану жағдайлары көптеп орын алуда. Осы орайда, мектеп жарғысына сүйене отырып, ата-аналарға «мектеп қабырғасында «смартфон» (ұялы телефондарды) ұстауға тыйым салынуы» туралы сұрақты ата-аналар жиналысында қарастырылсын деген тапсырма келді. Ұялы байланыс телефондарын мектепте пайдалануға тыйым салынғандығын өткен жиналыстарда да ескертіп айтқан болатынбыз. Сабәк үстінде оқушыларға смартфон пайдалану бұл атүсті қабылданған шешім емес. Мұндай шешімге келмес бұрын бірнеше зерттеулер жүргізілген. Көп функциялы қымбат гаджеттер оқушыны негізгі міндетінен алаңдатып, бар уақытын алып қана қоймайды. Медицина мамандарының айтуынша, ұялы телефонға үңілген баланың көзінің көру қабілеті нашарлайды. Смартфонды серік еткен оқушылардың 20 пайызы жылдар өткенде "миопия" дертіне ұшырауы да мүмкін. Басқа да нақты себептер бар. Жасөспірімдер арасында қылмыс санының артуына да қымбат смартфондар себепші болады. Бала ата-анасымен хабарласуы үшін телефон ұстауға құқылы. Бірақ, ол қымбат смартфон емес, бағасы 4 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, яғни 9 мың теңгенің қарапайым ұялы телефоны болуы керек» деп сөзін қорытындылап, ата-аналарға осы мәселеге әлі де үлкен жауапкершілікпен қарауларын ескертті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрайымы А.Калдина сөз алды. Биыл да мектебімізді гүлдендіру мақсатында барлық кластардың оқушылары мен ата-аналары өз үлестерімізді қосамыз. Оқушы мен табиғат арасындағы үйлесім үзілмеуі тиіс. Сонда ғана баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігі өседі. Оқушылар өз қолдарымен мектеп алдына шырша мен терек ағаштарын және көп жылдық, бір жылдық, питуня т.б. әсем гүлдерді мамыр айында бұйырса отырғызамыз. «Жазғы демалыс кезінде оқушылардың еңбек практикасын ұйымдастыру» туралы оқушыларды еңбекке баулу, табиғатты аялау, көркейту, гүлдендіру жұмыстарын жүргізу мақсатында жазғы практика жұмыстары жүргізіледі. Еңбек практикасында ағаштарды, гүлдерді суару, қопсыту, және тазалық жұмыстары жүреді.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Карагулова С.Н.: алдағы уақытта екі айлық тазалық жұмыстары наурыз, сәуір, мамыр айларында ұйымдастыру жұмыстары жүреді. Қаланы және елді-мекендерді көркейту, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөнінде екі айлық іс-шаралары 2020 жылдың, наурыздың маусым аралығында мектеп ұжымының, мектеп оқушыларының қатысуымен мектепшілік таза сенбілігі ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылатыны айтылды..

Қаулы:


1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтарының алдын алу шаралары ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.
2. Мектепте ұялы смартфондарды ұстауға қатаң тыйым салынсын.
3. Көгалдандыру жұмысы, мектеп ауласы жаз бойы қадағалауға алынсын.
4. Мектеп ұжымы, оқушылары сенбі күндері, сенбілікке қатыстырылсын.

Кеңес төрайымы:



Джамангарина Г

Хатшы:



Қанатова Г.

№15 орта мектебі

Қорғаншылық кеңес отырысының №III хаттамасы

Ақтөбе қаласы

04.06.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1.«Бала денсаулығы мен өмірі – ата-ана жауапкершілгі» Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Сатекеев Б.

2.«Қауіпсіз каникул – 2021» Қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Г

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Сатекеев сөз бастады. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны өскен сайын жол апаттары да арта түсуде. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінәсінен болатын оқыс оқиғалар саны едәуір көп. Оның ішіндегі жас балалардың апатқа жиі ұшырайтыны: жастай өмірмен қоштасып, орны толмас өкінішке әкелетіні немесе ауыр жарақат алып, кейбірі өмірлік мүгедек болып қалуы мүмкін. Оның себептері: көптеген оқушылар жолда жүру ережесін сақтай білмеуінде. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Асыға жолға жүгіріп шыққан баланың қауіпке ұшырайтыны, өзіне ғана емес, өзгенің де өміріне қатер төндіретіні баршаңызға мәлім. Осындай оқиғаларды болдырмас үшін мектепте мұғалім, үйде ата-ана балаға үнемі жолда жүру ережесін ескертіп отыруы міндетті. Әдетте кез келген ата-ана балаларды мектепке шығарып саларда «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» деген ескертуден аса алмайды. Бұл - әрине, жеткіліксіз.

Бастауыш сынып оқушысы үшін үйден мектепке дейінгі жол қиындықтарын білуі тиіс. Сол үшін ата-анасы баласына жол-жөнекей кездесетін қиындықтарға, жол белгілеріне көңіл бөліп, үйреткені дұрыс. Жол көлікпен қатынасатын оқушыға ата-анасы жол қиылыстарынан өтуді, көлік толық тоқтағанда түсіп, мінуіне болатынын, өз аялдамасын дұрыс білуін, бөтен көлікке отырмауын ескеріп отырғаны жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының күнделігінің алғашқы беттері, яғни баланың аты-жөні, мектебі, сыныбы, мекен-жайы, үй телефоны, әке-шешесінің ұялы телефондары, мектеп телефоны толық жазылып, баланың фотосы жапсырылуы тиіс. «Менің мектепке барар жолым» кестесі анық сызылып, қандай көшелерден, қандай қиылыстан, қай үйлердің арасынан жүретіні қызыл бағытпен сызылып көрсетілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының әсіресе 1-2 сынып оқушыларының мектепке әке-шешелері міндетті түрде өздері әкеліп-әкетуі керек.

Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:

- Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;
- Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;
- Бөтен адаммен подъезге, подвалға, **лифтіге кірме**;
- **Сені** артыңнан куса, көп **адамдар арасына** жүгір.

Жалпы ата-ана баласының қайда және **кіммен ойнап** жүргенін **білуі** керек. **Мектепке** **кешікпей** **баруын**, үйге уақытысында **келуін** қадағалағаны **абзал**.

Құрметті ата-ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. **Егеменді еліміздің болашағы – балалар**. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрайымы А.Калдина сөз алды.

Құрметті ата-аналар! Сіздер білесіздер ме? Барлық құқықбұзушылықтың 55%-дан астамы жазғы каникул кезінде жасөспірімдермен жасалады. Жасөспірімдердің қайғылы оқиғаға ұшырауы да негізінен жазғы каникул кездерінде болады. Сондықтан, жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі мен қамтылуын қамтамасыз ету аса маңызды.

- «Баламен бірге жазғы демалыста» Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.
- Жазда балалардың жазғы лагерьге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады.
- Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес.
- Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн көзінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніңіз жөн.
- Демалыс сізге және балаңызға тек қуаныш әкелуі үшін бірнеше ережелерді сақтау керек:
- Егер сіз балаңызбен айналысуға шешім қабылдасаңыз, есіңізде болсын, бұл іс-әрекеттеріңіз қысқа болуы тиіс, әрі оларды таңғы

уақытта өткізген абзал. Сіздің міндетіңіз балаңыздың білімі мен өз тәжірибеңізді ұштастыра отырып, оның таным көкжиегін кеңейту.

- Балаңызды теледидар мен компьютерден алшақ ұстауға бар күшіңізді салыңыз, барлық бос уақыттарыңызды таза ауада өткізіңіздер, велосипед, самокат, роликтер тебіңіздер, футбол ойнаңыздар. Жаз – бұл бала денсаулығын нығайтудың жолы және оның келесі оқу жылындағы денсаулығы жазда қалай демалуына байланысты болады.
- Күн тәртібін сақтауға тырысыңыз, әйтпесе қыркүйекте оған қайтып келу қиынға түседі. Ұйқының қанбауы неврозды дамытады, шаршау жиілейді. Баланың ұйқысы күніне 10 сағаттан кем болмауы тиіс.
- Жолдағы қауіпсіздік – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.
- Әрбір баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымыздың, оның ішінде ата-ана – Сіздің де басты міндетіңіз болып табылады.
- Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысыңыз.
- Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз.
- Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз.
- Балаға қарауды үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс.
- Сіздің балаңыздың үйде және көшедегі қауіпсіздік ережелерін есте сақтаңыздар. Күн сайын балаңызға қайталап айтып отырыңыз:
- Өз үйінен, ауласына алыстап кетпесін.
- Көшедегі бейтаныс адамдардың қолынан ештеңе алмасын. Бірден бөлектеу кетіп қалсын.
- Танымайтын адамдарға есік ашпасын.
-
- **Қаулы:**


1. Мектепішілік ішкі тәртіп ережесі қатаң сақталынсын.
2. Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.
3. Мектеп пен баланың заңды өкілдері арасында келісімшарт жасауды ұйымдастыру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Ата-аналар тарапынан жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігі ескерілсін.

Кеңес төрайымы:



Джамангарина Г

Хатшы:



Қанатова Г.

№15 орта мектебі

Қорғаншылық кеңес отырысының №IV хаттамасы

Ақтөбе қаласы

02.09.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. Хабарламашы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-Балғалиев А.Н
2. Мектептің жекелеген санаттағы оқушылар тізімін бекіту. Хабарламашы директордың жбб жөніндегі орынбасары Разакова Ж
3. Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылуы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Балғалиев сөз бастады:

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып 2021-2022 оқу жылында 1-10 класс оқушылары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары(2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген), 11 кластар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген ҰОЖ осы оқу жылында қолдануға және биылғы оқу жылында білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында сабақ ұзақтығын 45 минуттық көлемде 5 күндік жүйеде оқуды ұйымдастыруға ұсыныс білдіреміз. ҚР Білім және ғылым министрінің 31.08.2021 жылғы №444 хатының 2 тарауының 7 тармақшасы негізінде 9 кластар бойынша төмендегі сабақтар қашықтан оқытуға жіберілді: 1.Өзін-өзі тану; 2.Дене шынықтыру; 3. Көркем еңбек; 4.Зайырлылық пен дінтану негіздері. 5.Абайтану. 10 кластар бойынша төмендегі сабақтар қашықтан оқытуға жіберілді: 1. Дене шынықтыру; 2. Өзін-өзі тану; 3. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық; 4. Элективті курстар. 11 кластар бойынша төмендегі сабақтар қашықтан оқытуға жіберілді: 1. Дене шынықтыру; 2. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері; 3.Элективті курстар.

Екінші мәселе бойынша директордың жбб орынбасары Разакова Ж.А сөз сөйледі:

2021-2022 оқу жылының тамыз,қыркүйек айында мектептегі әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларды анықтау жұмысы жүргізілді. Анықтау жұмысының мақсаты – әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларын мектебіміздегі жекелеген санат тізіміндегі оқушылар тізіміне енгізу. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік

көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары

ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

4) **төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;**

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады.

Анықтау нәтижесі төмендегідей болды:

Қазіргі таңда жекелеген санаттағы оқушылар тізіміне 81 оқушы құжат тапсырды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы саны 29, аз қамтылған отбасындағы оқушы саны 51. ААҚҚ 1 оқушы. Оның ішінде 1-4 класс аралығында 40 оқушы, 5-11 класс аралығында 41 оқушы. Аталған оқушылар тізімі қоса жалғанды

3 мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Қалиева Ж сөз сөйледі:

Қазіргі таңда жан-жақты біліммен тәрбие берер мәдени орындардың бірі - мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орындарындағы білімге ұмтылған жас ұрпақты оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарымен айналысып келеді.

Биылғы оқу жылында 1 класс оқулықтары жаңа басылыммен шығарылды. Әліппе оқулығы жас бүлдіршіндерге салтанатты түрде табысталды. Осы оқу жылынан бастап бірінші кластарға цифрлық сауаттылық пәні енгізілді.

Бірінші кластарға сұраныс бойынша 75 дана комплект оқулыққа сұраныс берілген болатын. Қалалық білім бөлімінің шешімі бойынша 1 кластан 10 комплект

оқулық 78 мектепке берілді. Өткен оқу жылы аяғында , алдағы оқу жылына жетіспейтін оқулықтарға сұраныс берілді.

- 1 кластарға толықтай
- 4 класқа - 15 комплект
- 7 класқа - көркем еңбек, өзін-өзі тану, ағылшын
- 11 класқа - Абайтану оқулықтарына берілді.

3, 7, 8 кластарға информатика оқулығы жаңа басылымда оқушыларға таратылды.

2 кластың Ағылшын оқулығының тозығы жетіп, пайдалануға жарамсыздығы ескеріліп жаңа басылымға сұраныс берілген болатын. Оқушылардың қолындағы көне оқулықтар жаңа басылыммен алмастырып берілді.

Биылғы оқу жылында 10 кластың екеуі де жаратылыстану бағытын таңдағандықтан оқулық жетіспеушілігі байқалды. Сол себепті №13,42 мектептерден /10 кл жар.б./ бойынша жетіспеген оқулықтарды уақытша пайдалануға алып оқушылар түгел оқулықтармен қамтамасыз етілді. Биылғы оқу жылындағы 690 оқушы оқулықтармен толық 100% пайыз қамтылып отыр.

• Қаулы:

1.Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.08.2021 ж № 444 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің, Ақтөбе облысының Бас санитариялық дәрігерінің қаулылары негізге алынсын.

2.Жекелеген санаттағы оқушылар тізімі бекітіліп, оқушылардың құжаттары уақытында жинақталсын


3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылармен жүргізілетін жұмыс әлеуметтік педагог, класс жетекшілер мен ата-аналармен тығыз байланыста, талапқа сай жүргізілсін.

4.Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылу деңгейі “қанағаттанарлық ” деп бағалансын, оқушыларды оқулықпен толықтай қамту жұмысы жалғасын тапсын

Кеңес төрайымы:

 Джамангарина Г

Хатшы:

 Канатова Г.

Жекелеген санаттағы оқушылар тізімі 2021-2022 оқу жылы

№	Оқушының аты –жөні	Туған жылы, айы,күні	Класы	Әлеуметтік санаты
1	Убайдулла Мадина	16.09.2015	1а	Аз қамтылған
2	Шанжарханова Алина Канатовна	26.03.2015	1а	Аз қамтылған
3	Султанова Индира	26.06.2015	1а	АӘК
4	Картан Каусар	29.01.2015	1ә	Аз қамтылған
5	Ермек Жасмин	19.05.2015	1ә	Аз қамтылған
6	Қуандық Шыңғыс	09.02.2014	2а	АӘК
7	Әліпбай Еркеназ	30.10.2014	2а	Аз қамтылған
8	Желтай Абдуллах	08.06.2014	2а	АӘК
9	Асан Нұрдәулет	23.04.2014	2ә	Аз қамтылған
10	Бөрібай Мерей	05.11.2014	2ә	Аз қамтылған
11	Талғатов Азат	30.10.2013	2ә	АӘК
12	Қымызбай Мұхаммедбарра	23.11.2013	2б	АӘК
13	Қымызбай Хамза	17.12.2014	2б	АӘК
14	Шанжарханов Нұрдәулет Қанатұлы	11.03.2014	2б	Аз қамтылған
15	Абдыкали Нұрали	20.09.2014	2б	Аз қамтылған
16	Абдыкали Аянат	08.05.2014	2б	Аз қамтылған
17	Ермекұлы Қыдырәлі	14.07.2014	2б	Аз қамтылған
18	Қуанышбекұлы Ерназар	10.02.2012	3б	АӘК
19	Бисенбаева Бибінұр Русланқызы	05.10.2013	3а	Аз қамтылған
20	Сарсенбай Бақытжан	14.03.2013	3а	АӘК
21	Әліпбай Айзере Жарқынбекқызы	30.12.2012	3а	Аз қамтылған
22	Көшербаева Ақмерей Қайсарқызы	06.03.2013	3а	АӘК
23	Бөкенбай Санжар Рауанұлы	15.05.2013	3ә	АӘК
24	Бөрібай Сұлтан	08.12.2013	3ә	Аз қамтылған
25	Мұхамбет Сұлтан Берікұлы	23.06.2013	3ә	Аз қамтылған
26	Ермек Нұрқанат Ерсерікұлы	09.08.2013	3б	Аз қамтылған
27	Айдарқұлова Фатима Темірханқызы	28.06.2013	3б	АӘК
28	Достан Көркем Көкенқызы	01.09.2012	4ә	АӘК
29	Рахат Ботагөз Талғатқызы	11.12.2012	4ә	Аз қамтылған
30	Убайдулла Батырхан	26.04.2012	4б	Аз қамтылған
31	Бөкенбай Мансур Рауанұлы	21.11.2011	4в	АӘК
32	Сайлаубаева Асылай	03.05.2012	4в	АӘК
33	Қуандық Аңсар Алдиярұлы	11.06.2012	4в	АӘК
34	Жолшин Али	29.11.2012	4в	Аз қамтылған
35	Ермек Нұрбол Ерсерікұлы	24.12.2012	4в	Аз қамтылған
36	Куликов Тимур Анатольевич	29.09.2012	4в	Аз қамтылған
37	Әбдыкали Гүлмира	18.01.2012	4в	Аз қамтылған
38	Қымызбай Каусар	30.09.2010	5а	АӘК
39	Сәрсенбай Меруерт	03.10.2010	5а	АӘК
40	Рахат Аягөз Талғатқызы	14.03.2011	5ә	Аз қамтылған
41	Килибаева Алия Бердибековна	30.01.2011	5ә	АӘК
42	Әліпбай Мұхаммед Жарқынбекұлы	26.10.2010	5ә	Аз қамтылған
43	Жалғас Жандос	04.07.2011	5ә	Аз қамтылған

44	Асан Бекболат Болатбекұлы	01.12.2010	56	Аз қамтылған
45	Мұхамбет Альмира Берікқызы	13.08.2010	56	Аз қамтылған
46	Бөкенбай Бейбарыс Рауанұлы	15.09.2010	56	АӘК
47	Талгатова Аруна Асетовна	04.02.2011	56	АӘК
48	Серикбаев Нурсултан	26.01.2011	56	АӘК
49	Ермекқызы Айжан	27.09.2010	56	Аз қамтылған
50	Сатыпалды Сымбат	05.11.2009	6а	Аз қамтылған
51	Мұхаммедьяр Али Қаласұлы	08.02.2010	6а	АӘК
52	Убайдулла Темирлан	27.01.2010	6ә	Аз қамтылған
53	Болатұлы Әлихан	29.05.2010	6ә	Аз қамтылған
54	Картанов Бақдаулет Жанабайұлы	06.01.2010	6ә	Аз қамтылған
55	Торемуратов Расул Равильевич	28.02.2010	6ә	Аз қамтылған
56	Омарханова Унара Қуанышбекқызы	10.01.2010	6ә	АӘК
57	Иманов Азат	11.04.2010	6ә	Аз қамтылған
58	Амангалиева Акнур Сериковна	20.01.2010	6б	Аз қамтылған
59	Қанатұлы Нұрислам	17.11.2009	6б	Аз қамтылған
60	Достан Асима Көкенқызы	09.02.2009	7а	АӘК
61	Убайдулла Нұржан	16.05.2008	7ә	Аз қамтылған
62	Килибаева Айша Бердибековна	19.03.2009	7ә	АӘК
63	Төремұратов Азизбек Равильұлы	18.07.2008	7ә	Аз қамтылған
64	Болатбек Абдулла Мұратұлы	27.02.2009	7ә	Аз қамтылған
65	Аизбаева Инкар	02.09.2009	7б	Аз қамтылған
66	Жасұланқызы Жаннұр	04.03.2009	7б	АӘК
67	Болатова Меруерт	10.10.2009	7б	АӘК
68	Кушербаева Медина Кайсаровна	08.01.2008	8а	АӘК
69	Картанов Мухтар Жанабайұлы	28.08.2007	8а	Аз қамтылған
70	Сәрсенбай Ернұр	29.10.2007	8а	АӘК
71	Рахат Қадір Талғатұлы	09.10.2007	8а	Аз қамтылған
72	Куликова Карина Анатольевна	14.12.2007	8ә	Аз қамтылған
73	Ермекұлы Береке	13.06.2008	8ә	Аз қамтылған
74	Мұхамбет Нұрдаулет Берікұлы	02.12.2006	9ә	Аз қамтылған
75	Шанжархан Айымгүл Қанатқызы	10.01.2007	9ә	Аз қамтылған
76	Жалғасова Самал	03.09.2007	9ә	Аз қамтылған
77	Ермеккалиев Бексултан	06.05.2006	10а	Аз қамтылған
78	Әбдіқаппарқызы Тұрсынай	31.12.2004	11а	Жетім
79	Жалғасова Жұлдызай	16.08.2005	11а	Аз қамтылған
80	Мұхамбет Әмина Берікқызы	07.08.2005	11ә	Аз қамтылған
81	Ермекұлы Жандәулет	11.12.2005	11ә	Аз қамтылған

№15 орта мектебі

Кезектен тыс қорғаншылық кеңес отырысының хаттамасы

Ақтөбе қаласы

21.09.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

Жекелеген санат тізіміндегі оқушыларға тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін мектебіміздің әлеуметтік педагогы Әбдірашова Ж.Б. алды:

- 2021 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі бойынша мектебіміздің 5 оқушысының ата-анасынан өтініш келіп түсті. Өтініш негізінде ата-аналардан мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес құжаттар қабылданды. Комиссия мүшелеріне аталған 5 оқушының құжаттарын қарауға ұсынамын.

№	Оқушының аты –жөні	Туған жылы, айы,күні	Класы	Әлеуметтік санаты
1	Ұзақбаев Ахмет	10.12.2014	1а	Аз қамтылған
2	Мұхамбет Ералы Сенбайұлы	14.12.2010	5б	Аз қамтылған
3	Мұхамбет Мадина Сенбайқызы	27.09.2008	7ә	Аз қамтылған
4	Ұзақбаева Анара	23.05.2008	7а	Аз қамтылған
5	Қосылған Нұрлан	14.09.2004	11а	Аз қамтылған

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңес төрағасы Джамангарина Г.С. алды.


- Комиссия мүшелерімен бірлесіп аталған 5 оқушының іс-құжаттарын зерттеліп қаралды. Оқушылардың ата-аналары тапсырған құжаттары мемлекеттік қызмет талаптарына сай, толыққанды жинақталған.

Сондықтан, ақылдаса келе, дауысқа салып,бірауыздан 1а класс оқушысы Ұзақбаев Ахмет, 5б класс Мұхамбет Ералы Сенбайұлы, 7ә Мұхамбет Мадина Сенбайқызы, 7а класс Ұзақбаева Анара, 11а класс Қосылған Нұрлан мектебіміздің жекелеген санаттағы оқушылардың тізіміне енгізілсін деп ұсыныс айтқым келеді. Мектеп тарапынан бюджет қаражаты есебінен тегін ыстық тамақ және материалдық көмек (оқу құралы,киім-кешек,сауықтыру лагері) берілсе.

• **Қаулы:**


1. Жоғарыда аталған оқушылар жекелеген санат тізіміне алынсын
2. Осы оқушыларға мектеп тарапынан , бюджет қаражаты есебінен тегін ыстық тамақ және материалдық көмек (оқу құралы, киім-кешек, сауықтыру лагері) берілсін.

Кеңес төрайымы:



Джамангарина Г

Хатшы:



Қанатова Г.

№15 орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №V хаттамасы

Ақтөбе қаласы

25.12.2021ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарған жұмыстарының есебі.
Хабарламашы Джамангарина Г

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін қамқоршылық кеңес төрайымы Джамангарина Гулнур алды:

2021 жылдың қаңтар айында кеңес мүшелерімен бірігіп жылдық жоспар құрылды. Жоспар бойынша алғашқы отырыста кеңес мүшелері нормативтік-құқықтық құжаттармен танысып, кеңес мүшелерінің міндеттері бөлінді және жылдық жоспармен таныстырылды.

Ақпан айында құқықбұзушылыққа бейім, есепте тұрған оқушылардың қосымша білім берумен, яғни мектепішілік, мектептен тыс үйірмелермен қамтылу деңгейіне мониторинг жүргізілді, мектеп ата-аналарымен құқықбұзушылық тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша мектебімізде қалалық полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар жоқ екені, мектепішілік тіркеуде 6 оқушы тіркелген және ол оқушылармен бекітілген қоғамдық тәлімгерлер жан-жақты жұмыстар жүргізгендігі айтылды.

Наурыз айында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыбында отырыс өтті. Кеңес отырысында құқықбұзушылыққа бейім оқушылар және олардың негізгі себептері, түрлі есепке алынған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, тәлімгерлермен бірігіп жасалатын жұмыс түрлері талқыланды.

Сәуір айында «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Маусым айында «Бала денсаулығы мен өмірі-ата-аналардың жауапкершілігі» тақырыбында қамқоршылық кеңес отырысы өтті. Отырыста жазғы демалыс кезіндегі жолда жүру, суға шомылу, кешкі мезгілде көшеде жүрмеу, оқушылардың жеке бас қауіпсіздігі туралы жан-жақты талқыланды.

Шілде-қыркүйек айларында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» өзгерістер мен толықтырулар енгізілген №64 Қаулысын және Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 04.08.2021ж. №02-03/2302 хатын жүзеге асыру мақсатында 2021 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы жүргізілді. Акция мақсаты – мектебіміздегі жекелеген санаттағы оқушыларға көмек көрсету. «Сбербанк» АҚ-на, Нұр-ғасыр мешітіне,

«Балақай» балалар дүкеніне сұраныс хаттар жазылып таратылды. Тамыз айында мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі атынан 2 оқушыға сумка, оқу құралдары алынып берілді. «Нұр-ғасыр» мешіті басшылығы атынан 10 оқушыға портфель және оқу құралдары берілді. Сонымен қатар, «Сбербанк» АҚ басшылығы демеушілігімен 12 оқушыға портфель, оқу құралдары табыс етілді. Барлығы акция аясында 24 оқушыға көмек көрсетілді.

Қыркүйек айындағы қамқоршылық кеңес отырысында 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, жекелеген санаттағы оқушылар тізімін бекіту, мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылу мәселелері қаралды. Осы аталған мәселелер бойынша директордың ОТЖ орынбасары А.Балғалиевтің, ЖББ орынбасары Ж.Разакованың, мектеп кітапханашысы Ж.Қалиеваның хабарламасы тыңдалды.

Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.08.2021 ж. № 444 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің, Ақтөбе облысының Бас санитариялық дәрігерінің қаулылары негізге алынды.

Қыркүйек айында жекелеген санаттағы оқушылар тізіміне 81 оқушы құжат тапсырды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы саны 29, аз қамтылған отбасындағы оқушы саны 51. ААҚК 1 оқушы. Оның ішінде 1-4 класс аралығында 40 оқушы, 5-11 класс аралығында 41 оқушы. Аталған оқушылар жекелеген санат оқушылары тізіміне алынды, сонымен қатар ата-аналардың өтініші мен құжаттардың дайындалуына қарай қазан айында кезектен тыс отырыс өткізіліп, тағы 5 оқушы осы санаттағы тізімге енгізілді. Мектеп кітапханашысы Ж.Қалиеваның мәлімдеуі бойынша биылғы оқу жылындағы 690 оқушы оқулықтармен толық 100% пайыз қамтылып отыр.

Қараша айында жоспар бойынша «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында әр кластың ата-аналары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Онда ата-аналар «Оқушы», «Ата-ана», «Мектеп» топтарына бөлініп түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап берді, өздері оқушының, мұғалімнің рөлінде болып түрлі жағдайлар туындаған кезде қалай шешуге болатыны туралы пікір алмасты. Бала тәрбиесі туралы бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

Қаулы:

1. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша қамқоршылық кеңес пен мектеп әкімшілігі бірігіп жүргізген 2021 жылға арналған жұмыстар «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағаланып, әрі қарай жалғасын тапсын
2. Жаңа 2022 жылға арналған жұмыс жоспары кеңес мүшелерімен бірігіп жасалып, ата-ана комитеттеріне таныстырылсын

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Джамангарина Г
Қанатова Г